

## Тауарларды несиеге сату тәртібі жөніндегі Нұсқауды бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 24 қыркүйек 1992 ж. N 805. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпанды N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы бөлшек сауда кәсіпорындарының ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарларды несиеге сату тәртібі туралы осыған қоса берілген Нұсқау бекітілсін.

Несиеге сатылатын тауарлардың тізбесін облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері анықтайтын болып белгіленсін.

2. Қоса берілген тізбеге сәйкес тауарларды несиеге сату мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министр*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 24 қыркүйектегі  
N 805 қаулысымен  
Бекітілген

**Қазақстан Республикасының бөлшек сауда  
кәсіпорындарының азаматтарға ұзақ уақыт пайдаланылатын  
тауарларды несиеге сату тәртібі туралы  
Нұсқау**

1. Ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарларды несиеге (төлем мерзімін ұзартып) сату мемлекеттік сауда және тұтыну коопeraçãoсы дүкендерінде жүргізіледі, бұл дүкендердің тізімін қаланың, ауданның елді мекенінің тиісті сауда мекемесі (сауда орны, бірлестік, ЖЖБ, әскери сауда, тұтыну қоғамы, т. б.) анықтайды.

Тауарларды осы Нұсқауда қарастырылған шарттар негізінде несиеге сату жекешелендірілген және мемлекеттік емес сектор дүкендерінде осы кәсіпорындар ұжымының келісімімен жүргізілуі мүмкін.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерінің шешімі бойынша тұрмыстық қызмет көрсету ательелері мен шеберханалары ақысын

несие түрінде төлеу шарттарымен киім тігуге тапсырыс қабылдай алады.

2. Несиеге сатылатын тауарлар тізбесіне Қазақстан Республикасының бөлшек сауда желісінде жеткілікті мөлшерде жинақталған тауарлар (зергерлік бұйымдардан басқа) енгізіледі.

Сатып алушылардың сұранысы толық қанағаттандырылмаған тауарларды несиеге сатуға болмайды.

Тауарлардың бағасы сатылған күнгі бағалары бойынша есептеледі. Несиеге сатылған тауарлар бағасының одан әрі өзгеруіне орай қайта есептеу жүргізілмейді.

### 3. Тауарлар несиеге:

тұрақты тұрғын орны бар және осы ұйымда, кәсіпорында, мекемеде немесе колхозда кемінде 1 жыл еңбек еткен жұмысшылар мен қызметшілерге;

әскери бөлімдерде, ұйымдар мен кәсіпорындарда кемінде 6 ай қызмет етіп, жұмыс істеп жатқан офицерлерге мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге;

тұрақты тұрғын орны бар зейнеткерлерге, мүгедектерге, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, хұқығы соларға теңестірілген адамдарға, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, егер оларға тағайындалған зейнетақы мерзімі тауардың құнын бөліп төлеу үшін берілген мерзімнен бұрын аяқталмайтын болса,

сатылады.

Тауарларды немесе сату сатып алушы тұрақты жұмыс істейтін немесе қызметін өтеп жатқан елді мекенде (қалада, жұмысшы поселкесінде, селода, ауылда), ал вахталық әдіспен жұмыс істеушілерге, зейнеткерлерге Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне және хұқығы соларға теңестірілген адамдарға тұрақты тұрғын жері бойынша жүргізіледі.

4. Сатып алушыларға несиеге алған тауарлары олар осы тауар құнының кемінде 25 процентін төлеген жағдайда беріледі.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері алғашқы жарнаның мөлшеріне өзгеріс енгізе алады; олар, сондай-ақ, тауарлар құнының қалған бөлігін төлеу мерзімін белгілейді.

Төлеу мерзімін анықтаған кезде тауарлардың құнын және сатып алушының еңбекақысы мен ақшалай табысының мөлшері ескеріліп, ай сайынғы төлем оның еңбекақысының немесе ақшалай табысының 20 процентінен аспайтындағы есеппен тағайындалуы қажет.

5. Тауарларды сатып алу кезінде несие бергені үшін сатып алушылар сауда кәсіпорнына проценттік ақы төлейді. Бұл ақының мөлшерін облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері белгілейді. Бұл ретте мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары, негізсіз 30-40 жылдар аралығы мен 50 жылдардың басында

қылмыстық жауапкершілікке тартылған және әлеуметтік-саяси себептер бойынша сотқа тартылған немесе сотсыз құғын-сүргінге ұшыраған азаматтар үшін женілдетілген проценттік ақылар қарастырылады немесе несие процентсіз беріледі.

6. Несиеге сатылған ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарлар үшін есеп айырысу сатып алушылардың қолма-қол ақша төлеуі немесе кезекті төлемін республика банктерінің чектерін сауда кәсіпорнының кассасына өткізуі арқылы жүзеге асырылады.

Сатып алушыларға қолайлыш болуы үшін олардың жазбаша тапсырымы негізінде кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, әскери бөлімдер, колхоздар тапсырым берген азаматтардың жалақысынан немесе ақшалай табысынан бұлар несиеге алған ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарлар үшін төлейтін кезекті төлемінің ақшасын ұстап қалып, оны тиісті сауда кәсіпорындарына аударады.

Несиеге сатылған тауарлар үшін есеп айырысу, сондай-ақ, банктердегі аманаттарда сақталған қаржыдан сауда кәсіпорындарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылуы да мүмкін.

7. Сатып алушының несиеге алу үшін таңдалған тауары дүкенде осы тауарды несиеге сатып алуға қажет, анықтама мен тапсырым міндеттемені ресімдеуге берілетін 3 күн мерзімнен артық сақталмайды.

"Несие" деген таңбасы мен жазылған уақыты көрсетілген тауарлық чек тауарды сақтауға негіз болып табылады.

8. Тауарды несиеге сатып алу кезінде сатып алушылар төлкүжатын немесе оны алмастыра алатын құжатын көрсетіп, жұмыс немесе қызмет орнынан алған соңғы үш ай ішіндегі орташа айлық жалақысы немесе ақшалай табысы туралы N 1 қосымшада көрсетілген нысандағыдай анықтама тапсырады, ал зейнеткерлер төлкүжатын, зейнеткерлік күелігін және N 2 қосымшага сәйкес нысандағыдай куәлікке жапсырмасын көрсетеді.

9. Сатып алушының жұмыс немесе қызмет орнында табысынан ұсталатын төлемдерінің жалпы сомасы оның жалақысының немесе ақшалай табысының 50 процентінен асқан жағдайда оған тауарларды несиеге сатып алуға қажетті анықтама берілмейді.

Бұрын несиеге тауар сатып алған адамдарға олар берешегін толық өтегенше жалақысы немесе ақшалай табысы туралы анықтама беруге тыйым салынады.

10. Бағасы қымбат тауарларды несиеге сатып алу кезінде бір зат (жынтық) екі немесе одан да көп адамға (сатып алушыларға) олар осы Нұсқаудың 8 тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған (көрсеткен) жағдайда сатылуы мүмкін (отбасылық несие).

11. Тауарларды несиеге сатып алу кезінде азаматтар дүкенде екі данадан N 3 қосымшада көрсетілетін нысандағыдай жалақысынан немесе ақшалай табысынан

несиеге сатып алған тауары үшін кезекті төлемдерінің сомасын ұсташа туралы төлемдік тапсырым-міндеттеме толтырады.

Тапсырым-міндеттеменің бірінші данасын сатып алушы жұмыс орнының әкімшілігіне екінші данасына қол қойдырып алышп табыс етеді.

Ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің, әскери бөлімнің, колхоздың мөрімен куәландырылған төлемдік тапсырым-міндеттеменің екінші данасын (есепке алу үшін) сатып алушы несиеге алған тауарын алар кезде дүкенге тапсырады.

12. Несиеге тауар алушы зейнеткерлер де жоғарыда көрсетілген нысан бойынша екі дана тапсырым-міндеттеме толтырады.

Тапсырым-міндеттеменің бірінші данасы дүкенге тапсырылады, ал екінші данасы сатып алушы зейнеткердің өзінде қалдырылады.

Сатып алушы зейнеткерлерге берілген несие сомасын дүкен міндетті түрде зейнеткерлік куәліктегі жапсырмаға түсіреді, бұл сома тапсырым-міндеттемеде көрсетілген мерзімге сәйкес қолма-қол ақша өткізу немесе республика банктерінің чектерін дүкен кассасына жарна төлеу арқылы өтеледі.

Кезекті жарнаны алған кезде дүкен жарнаның төленгені туралы сатып алушы-зейнеткердің қолындағы талап-міндеттемеге белгі соғады, сонымен бірге зейнеткерге осы сомада кіріс ордерінің түбіртек қағазын береді.

Зейнеткерге берілген несие сомасы толық өтелгені туралы дүкен зейнеткерлік куәліктегі жапсырмаға белгі соғады, осы белгі арқылы зейнеткер екінші рет несиеге тауар алу хұқына ие болады.

Төлем мерзімі тауардың құны мен зейнетақы мөлшері ескеріліп, ай сайынғы төлем зейнетақының 50 процентінен аспайтындағы есеппен белгіленді.

13. Ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер, әскери бөлімдер, колхоздар несиеге сатып алынған тауарлар үшін алынатын кезекті төлемді жалақыдан немесе ақшалай табыстан айна 1 рет ұстап отырады. Төлем жалақының барлық түрінен, оның ішінде кезекті еңбек демалысы үшін төленетін ақыдан, сондай-ақ, уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша берілетін жәрдемақыдан да ұсталады.

Ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, әскери бөлімдер мен колхоздардың басшылары мен бас (аға) бухгалтерлеріне азаматтардың несиеге сатып алған тауарлары үшін төлейтін кезекті төлемдерін олардан уақтылы және толық ұстап отыру, ұсталған ақшаны дүкендерге аудару, сатып алушыларға берілген төлемдік тапсырым-міндеттемелер мен осы құжаттар бойынша ұсталған ақшаларға есеп жүргізу жұмыстары бойынша заңда көзделген жауапкершілік жүктеледі.

Несиеге сатылған тауарлар үшін азаматтардың жалақысынан немесе ақшалай табысынан ұсталатын төлем осы азаматтардың өз қалаулары бойынша мерзімінен бұрын ұсталуы мүмкін.

14. Дүкендерге немесе сауда мекемелеріне ұсталған соманды аудару тиісті

банк мекемесі арқылы төлемдік тапсырым қағазын жаздырып алу жолымен жалақыдан ұсталған салықтарды аударумен бір мезгілде жүргізіледі; Төлемдік тапсырым қағазда немесе оған тіркелген тізімде әрбір төлеушінің фамилиясымен бірге (міндettі түрде) тапсырым-міндettемелердің номерлері мен олардың әрқайсысы бойынша аударылатын ақша мөлшері көрсетілуі қажет.

15. Несиеге тауар сатып алған азамат басқа жұмысқа ауыстырылған, ауысқан немесе жұмыстан шыққан (әскерден босаған) жағдайда ұйым, кәсіпорын, мекеме, әскери бөлім, колхоз одан несиенің қалған ақшасын қолма-қол өндіріп алуға немесе бұл қызметкермен уағдаластық шарты жасалған жағдайда қалған ақшаны бір ай мерзім ішінде өз қаржысы есебінен өтеуге міндettі.

Сатып алушылардың жазбаша тапсырым-міндettемелері негізінде олар несиеге алған тауарлары үшін ұсталатын кезекті төлемдер ұйым, кәсіпорын, мекеме, әскери бөлім, колхоз кінәсынан толық ұсталмаған немесе ақша сауда кәсіпорындарына дер кезінде аударылмаған жағдайда, сондай-ақ жұмыстан шығып кеткен адамдар алған несиенің қалған сомасын өтеу үшін аударым жасау мерзімі бұзылған жағдайда ұйым, кәсіпорын, мекеме, әскери бөлім, колхоз тиісті сауда кәсіпорындарына кешіккен әрбір құні үшін ұстамаған (аударылмаған) ақшаның 0,1 проценті мөлшерінде өсім төлейді.

16. Сатып алушылар, зейнеткерлерді қоса, кезекті төлемдерін уақтылы төлемеген жағдайда дүкенге әрбір кешіккен құні үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,1 проценті мөлшерінде өсім төлейді.

Кейбір жағдайларда сатып алушы несиеге алған тауары үшін төлейтін берешегін тапсырым-міндettемеде көрсетілген мерзімде дәлелді себептерге байланысты сырқаты, әскери жиында болуы, т.б. төлей алмаған болса, дүкен басшылары тапсырым-міндettемеде көрсетілген мерзім шегінде кезекті төлемдер мөлшерін қайта қарауы мүмкін.

17. Дәлелсіз себептермен несиеге алған тауар үшін төленетін екі кезекті жарнаны қатарынан төлемеген жағдайда дүкен сатып алушыдан берешегінің қалған барлық бөлігін, сондай-ақ, осы Нұсқаудың 16-тармағында көрсетілген мөлшерде қосымша өсім өндіріп алуға хұқылы.

Өндіріп алу нотариалдық кеңсенің атқару құжаттары бойынша жүзеге асырылады .

18. Бөлшек сауда желісінен қолма-қол ақшага немесе банк чегі бойынша сатып алынған осындай тауарларға белгіленген пайдаланудың кепілді мерзімі мен оларды ауыстырып алу тәртібі несиеге сатылып алынған тауарларға да қолданылады .

Кепілдік мерзімі тауарлар сатып алушыға берілген сәттен бастап есептеледі.

19. Дүкендерде халыққа несиеге тауар сату операциялары мен есеп айырысуудың бухгалтерлік есебін жүргізу, Қазақстан Республикасы Сауда

министрлігінің, Қазтұныуодағының, сауда желілері бар басқа да министрліктер мен ведомстволардың Нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 24 қыркүйектегі  
N 805 қаулысымен  
бекітілген Нұсқауына  
N 1, 2, 3 Қосымша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК